

"QAZAQGAZ АІМАQ" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы әкімінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 шешімі

1. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына және Жер кодексінің 19, 69-баптарына сәйкес, Жаңаөзен қалалық жер комиссиясының 2024 жылғы 27 қарашадағы (03-06/51 хаттамасы) қорытындысы, Жаңаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 10.01.2025 жылғы № KZ59VBG01527406, №KZ69VBG01527420, KZ74VBG01527427 бұйрықтарымен бекітілген жерге орналастыру жобалары, "QAZAQGAZ АІМАQ" акционерлік қоғамының өтініші негізінде Теңге ауылы әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

2. "QAZAQGAZ АІМАQ" акционерлік қоғамына (БСН: 020440001144) төменде көрсетілген жер учаскелеріне жер пайдаланушылардан алып қоймай 10 (он) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

1) Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылынан жоғарғы қысымды газ құбырын орналастыру және пайдалану үшін көлемі 0,0224 гектар;

2) Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылынан №58 ШГРП-ны орналастыру және пайдалану үшін көлемі 0,0026 гектар;

3) Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылы, Төле би төменгі қысымды газ құбырын орналастыру және пайдалану үшін көлемі 0,1406 гектар.

2. "Теңге ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді ресми жариялауға, Жаңаөзен қаласы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Теңге ауылының әкімінің уақытша міндетін атқарушы

Е. Имашев